

Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 18 маусымдағы N 1017 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 18 шілдедегі N 13-1-119 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" N 2247 Заңының 20 бабына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына (2005 жылғы 15 сәуірдегі мемлекеттік тізілімде тіркелген N 1578, 2005 жылғы 6 мамырдағы "Добрый вечер" газетінде жарияланған) қала әкімдігінің 2005 жылғы 26 қазандағы "Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1342 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (2005 жылғы 2 желтоқсандағы мемлекеттік тізілімде тіркелген N 13-1-28, 2006 жылғы 10 ақпандағы "Перспектив СК" газетінің N 6 санында жарияланған), қала әкімдігінің 2007 жылғы 22 ақпандағы "Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 226 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (2007 жылғы 19 наурыздағы мемлекеттік тізілімде тіркелген N 13-1-64, 2007 жылғы 30 наурыздағы "Перспектив СК" газетінің N 13, 2007 жылғы 6 сәуірдегі "Қызылжар нұры" газетінің N 14 сандарында жарияланған), қала әкімдігінің 2007 жылғы 14 маусымдағы "Петропавл қаласы

әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 751 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (2007 жылғы 20 шілдедегі мемлекеттік тізілімде тіркелген N 13-1-78, 2007 жылғы 3 тамыздағы "Перспект СК" газетінің N 31, 2007 жылғы 3 тамыздағы "Қызылжар нұры" газетінің N 32 сандарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру ережесіндегі:

5 тармағының :

1) тармақшасы алынып тасталсын;

Аталған ереженің N 2 қосымшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ә. З . Сәрсембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қала әкімінің м.а.

Т. Құлжанова